



Автор: Ишатова Бибигуль Амангельдиновна

Пән: Дүниетану. Тарих компоненті

Сынып: 2-сынып

Бөлім: Туған өлкем

Тақырып: Әбу Насыр әл - Фараби

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	Әл Фарабидің ғылымның дамуына қосқан үлесі туралы әңгімелеу
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар: – әл Фарабидің өмірбаянын біледі. Оқушылардың көпшілігі: – Трактаттарын айта алады. Кейбір оқушылар орындай алады: – зерттеу жұмыстарын жүргізе алады
Күтілетін нәтиже:	«Трактат» сөзінің мағынасын түсінеді. Оның ғылыми жұмыс екенін біледі. Екінші ұстаз деп аталу себебін түсінеді.
Бағалау критерийлері:	- «Трактат» сөзінің мағынасын түсінеді. Оның ғылыми жұмыс екенін біледі. - Екінші ұстаз деп аталу себебін түсінеді. - Грек ғалымы Аристотельдің еңбектерін айыра алады - Өз ойларынан ғалымға сұрақтар әзірлей алады.
Құндылықтарды дарыту:	Дұрыс әрекет арқылы өз еліне деген сүйіспеншілік
АКТ-ны қолдану дағдылары:	www.bilimland.kz , www.imektep.kz , https://itest.kz/ ресурстары
Пәнаралық байланыс:	тарих

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (5 минут)	Ұйымдастыру кезеңі. Топқа бөлу. I топ «Отырар» II топ «Екінші ұстаз» III топ «Трактат» IV топ «Ғалым» Біз сіздермен әдебиттік оқу пәнінде аңыз тақырыбында қай қала туралы айтып едік?	
Сабақтың ортасы (27 минут)	Мағынаны тану. Олай болса әлемнің екінші ұстазы Әбу Насыр әл - Фараби туралы бейнероликке көңіл аударайық. https://bilimland.kz/kk ресурсында видеотоптама бөлімінде «Телевизиялық бағдарламалар» оның ішінде «Ұлы адамдар» бөлімінен Абай Құнанбаев Ганс Христиан Андерсен Әл - Фараби бейнеролигін көрсету. (04:00-05:49) – 1мин 49 сек Оқулықпен жұмыс «Түртіп алу» стратегиясы бойынша балалар кітапты оқып отырып жаңа ақпаратты түртіп алады. Сергіту сәті. (2 минут) «Көңілді күн» әуеніне би қимылдарын жасайды	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың соңы (5 минут)	«Аяқталмаған сөйлем» тәсілі «Мұғалімге жеделхат» тақтасына оқушылар стикер жапсыру арқылы орындалады. Оқушылар өздеріне жақын сөйлемді таңдап, айтылған ойды жалғастырады: - бүгінгі сабақта мен....түсіндім, ...білдім,көзімді жеткіздім. - бүгін сабақта қуантқаны..... - мен өзімді.....үшін мақтар едім. - маған ерекше ұнағаны..... - сабақтан соң маған..... ой келді. - бүгін маған.....сәті түсті. - қызықты болғаны..... -қиындық тудырды. - менің түсінгенім..... - енді мен.....аламын. - зерттеу жұмысы арқылы көз жеткіздім.	
Рефлексия (3 минут)	"Екі жұлдыз, бір ұсыныс" әдісі	